№ 192 орта мектебі

Сабақтың тақырыбы :
Қалау рай

Қазақ тілі

Пән мұғалімі: Қ. Ахмет
7-сынып

Сабақтың мақсаты : а) Етістіктің райлары туралы түсінік беру, қалау райдың жасалу жолын түсіндіру; ә) оқушылардың ой-өрісін,сана-сезімін, белсенді ойлау дағдыларын жандандырып, сыни тұрғысынан ойлау материалдарын қолдана отырып қызығушылығын арттыру,білімін дамыту, сауаттылыққа баулу,сабаққа ынталандыру; б) Сабақ барысында оқушыларды сауатты, көркем жазуға дағдыландыру;

Сабақтың түрі : аралас сабақ

Сабақтың әдісі : сұрақ –жауап, сіндіру, талдау, топтастыру

Сабақтың көрнекілігі :үлестірмелі кеспе қағаздар, таблицалар,деңгейлік тапсырмалар

Пәнаралық байланыс : әдебиет

ЕТІСТІК РАЙЛАРЫ

Лексика-грамматикалық сипаты

1. Сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын білдіретін етістік формалары
2. Істің болу, болмауы туралы хабарлау
3. Сөйлеуші көзқарасын көрсететін түрлі модальдық мағыналарды білдіреді

Түрлері

Ашық рай – осы, келер, өткен шақтағы іс-әрекет. Сөйлеушінің қимылдың өту, өтпеуі туралы көзқарасын, баяндауын көрсетеді

Әйла институтта екінші курста оқып жүр. Енді екі жылдан кейін институтты бітіреді

Бұйрық рай – іс-әрекеттің орындалуына бұйрық беру, әмір ету мағынасындағы рай түрі

- I жақ **-йын**, **-йін**, **-йық**, **-йік**, **-лық**, **-лік**
- II жақ **-ыңыз**, **-іңіз**, **-ыңдар**, **-іңдер**, **-ыңыздар**, **-іңіздер**
- III жақ **-сын**, **-сін**

Қалау рай – сөйлеушінің, қимыл иесінің істі орындау, орындамауға ықыласы ауғандығын, тілегін көрсететін рай түрі

- **-ғы**, **-гі**, **-қы**, **-кі** тәуелдік жалғауы және **кел** көмекші етістігі тіркесуімен
- **-са**, **-се** жұрнағына жіктік жалғау және **игі еді**, **екен** сөздері тіркесуімен

Шартты рай – келешек болар істің шартын білдіретін рай түрі

-са, **-се** жұрнағына жіктік жалғау тіркесуімен

	Бұйрық рай	Қалау рай		Шартты рай
		жекеше		
I	Мен оқиын (келейін)	Менің оқығым келеді	Мен оқысам игі еді (оқысам екен)	Мен алсам (көрсем)
II	Сен оқы (кел)	Сенің оқығың келеді	Сен оқысаң игі еді (оқысаң екен)	Сен алсаң (көрсең)
	Сіз оқыңыз (келіңіз)	Сіздің оқығыңыз келеді	Сіз оқысаңыз игі еді (оқысаңыз екен)	Сіз алсаңыз (көрсеңіз)
III	Ол оқысын (келсін)	Оның оқығысы келеді	Ол оқыса игі еді (оқыса екен)	Ол алса (көрсе)
		көпше		
I	Біз оқиық (келейік)	Біздің оқығымыз келеді	Біз оқысақ игі еді (оқысақ екен)	Біз алсақ (көрсек)
II	Сендер оқыңдар (келіңдер)	Сендердің оқығыларың келеді	Сендер оқысаңдар игі еді (оқысаңдар екен)	Сендер алсаңдар (көрсеңдер)
	Сіздер оқыңыздар (келіңіздер)	Сіздердің оқығыларыңыз келеді	Сіздер оқысаңыздар игі еді (оқысаңыздар екен)	Сіздер алсаңыздар (көрсеңіздер)
III	Олар оқысын (келсін)	Олардың оқығысы келеді	Олар оқыса игі еді (оқыса екен)	Олар алса (көрсе)

Жаттығумен жұмыс:

	бағалау критерийлері Дескрипторлар	ұпай
Жаттығу (max 10)	Төменде көрсетілген талаптардың ешқайсысы ескерілмеген жағдайда.	0
A	Тазалығы талапқа сай емес, каллиграфиялық қателер кездеседі, оқушының 3 түзетуі бар. Емледен 7, тыныс белгіден 5 қате жіберген	1
	Тазалығы талапқа сай емес, каллиграфиялық қателер кездеседі, оқушының 2 түзетуі бар. Емледен 6 қате, тыныс белгіден 4 қате жіберген	2
	Тазалығы талапқа сай, бірақ каллиграфиялық қателер кездеседі, оқушының 1 түзетуі бар. Емледен 5 қате, тыныс белгіден 3 қате жіберген	3
	Тазалығы талапқа сай, бірақ каллиграфиялық қателер кездеседі, оқушының 1 түзетуі бар. Емледен 4 қате, тыныс белгіден 2 қате жіберген немесе оқушы сол қателердің ішінде біртекті қателерді жіберген.	4
	Тазалығы талапқа сай, бірақ емледен 3 қате, тыныс белгіден қатесі жоқ немесе тыныс белгіден 1 қате	5
	Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. Емледен 2, тыныс белгіден 1 қатесі бар	6-7
	Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. Емледен 1, тыныс белгіден қатесі жоқ	8-9
	Еш қатесі жоқ, жазуы анық, таза жазылған, азат жол сақталған, түзету жоқ.	10

Жаттығумен жұмыс:

191-жаттығу . Көшіріп жазып, қалау райлы етістіктердің жасалу жолын ауызша түсіндір.

192-жаттығу.

Етістіктерді жіктеңдер.

Ой қорыту .

«Түртіп алу жүйесі » 194-жаттығу. Шақ, рай түрлерін
қатыстыра отырып, “Ал мен бір ойтолғасам” деген тақырыпта бүгінгі сабаққа қатысты мәтін құрау.
Венн диаграммасы арқылы салыстыру

Шартты рай

Қимылдың іс-әрекеттің болу-болмау мүмкіндігінің шартын білдіреді -са,-се жұрнақтары арқылы

Қалау рай

Негізгі не туынды , болымсыз етістік тұлғасына –ғы,-гі, шартты рай тұлғасы –са,-се игі еді, -ғай,-гей

Үйге тапсырма :

193-жаттығу. Қалаурайлы етістіктерді тауып,қалай жасалғанын көрсетіңдер. Морфологиялық талдау жасау.

Жаңа сабақты түсіндіру:

Қалау – ниет , тілек дегенді білдіреді

Сонда қалау рай дегеніміз іс иесінің қимылды , іс- әрекетті қалауын, соған ынтасын , ниетін білдіреді , бірақ беретін мағынасы нақтылы емес және белгілі бір жолдармен жасалады.

–ғы/гі ; -қы/кі жұрнақтары және тәуелдік жалғауы жалғанып , кел көмекші етістігімен тіркеседі.

Етістікке –ғай/-гей; -қай/-кей жұрнақтары мен жіктік жалғауы жалғанып жасалады.

Етістікке –ғай/-гей; -қай/-кей жұрнақтары жалғанып еді көмекші етістігімен тіркесіп те қолданылады.

Етістіктің шартты рай тұлғасына екен сөзі тіркесіп , қалау рай жасалады.